АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ
ҮШАРАЛ
ҚАЛАЛЫҚ ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
УШАРАЛЬСКОГО
ГОРОДСКОГО ОКРУГА
АЛАКОЛЬСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ

12.01.2026.
Үшарал қаласы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 30.
город Ушарал

Үшарал қаласының көше жарық шамдарын электрмен қамтамасыз ету мақсатында электр энергиясын бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 5-тармағына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Үшарал қаласының көше жарық шамдарын электрмен қамтамасыз ету мақсатында электр энергиясын 16-баптың 3-тармағының 1) -тармақшасы бойынша тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты "Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Ж.Сатыбалдинов:

- Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;
- өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Қала әкімі **А.Абишев**

001850

Жарғы емес

Үшарал қалалық округі әкімі
А. Абишевқа

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы
Ж. Сатыбалдиновтан

ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБА

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізу туралы

Осы қызметтік жазба арқылы 2026 жылға арналған Үшарал қаласының көшелерін жарықтандыруғаарналған электр энергиясын жеткізу бойынша бұрын жасалған шарттың талаптары толық көлемде орындалған хабарлаймын.

Аталған шарт бастапқыда нақты белгіленген саны бар көшедегі жарық шам бағандарына есептеліп, сол негізінде жасалған болатын. Алайда, 2025 жылдың бірінші тоқсаннан кейін Үшарал қаласының аумағында қосымша көшелерді жарықтандыру жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде жаңа жарық шам бағандары орнатылды. Соның салдарынан тұтынылатын электр энергиясың көлемі артып, электр энергиясыа деген қажеттік туындады. Аталған жағдайды және көрсетілген қызметтердің үзілуссіздігін қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып, энергиямен жабдықтау бойынша Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының **16-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына** сәйкес **бір көзден сатып алу тәсілімен** жүзеге асыру қажет деп есептеймін. Аталған құқықтық нормада табиғи монополия салаларына жататын, оның ішінде энергиямен жабдықтау қызметтерін бір көзден сатып алуға жол берілетіні көзделген.

Осыған орай, жоғарыда аталған заң нормасына сәйкес Үшарал қаласының көше жарық шамдарын электрмен қамтамасыз ету мақсатында электр энергиясын бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүргізуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы **Ж.Сатыбалдинов**